

## Орал Ақшолақұлы

Атыраудың төл перзенті, мұнай-газ саласының атышулы маманы, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты;

Қазақстан Республикасы минералды ресурстар Академиясының толық мүшесі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері;

Қазақстан Республикасының ғылым және техника саласындағы Әл-Фараби атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Атырау облысының Құрметті азаматы, «Қазақстан мұнайы энциклопедиясының» авторы;

Отандық ғалым зерттеушілері консорциумының «Қазақстандағы шөгінді алаптарды кешенді зерттеу және мұнай-газ болжам карталары» атты ұжымдық еңбегінің ұйымдастырушысы және басшысы

**Орал Ақшолақұлының**

100 күндік дұға дастарханы 2023 жылы, мамыр айының 27-де, сағат 11.00-ден бастап «Салтанат сарайы» мейрамханасында (Әбілхайыр хан даңғылы,77) өтетінін хабарлаймыз.

**Балалары**

Басымызға ауыр қайғы түскенде демеу болған ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жаран, нағашы-жиен, ұжымдастарға, құрдастары, достары барша жамағатқа әулеттің атынан ризашылығымызды білдіре отырып, ардақты әке, қимас бауыр, аяулы жар

**Махсотұлы Мәліктің**

40 күндік қадесі 2023 жылдың 27 мамыр күні өз шаңырағында өтетінін хабарлаймыз.

**Досниязовтар әулеті**

**Исатай ауданы, Х.Ерғалиев ауылы, С.Әдиев көшесі, 28/1**



## Ұлағатты Ұстаз өтті өмірден...



Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінде ұзақ жылдар бойы ұстаздықтың ұлы жолында өзінің айшықты еңбегімен даралanған, ардақты ұстаз Қожантаева Алуа Қожантайқызы дүниеден озды.

Қожантаева Алуа Қожантайқызы 1956 жылы 16 сәуірде Коммунизм жолы совхозының, Ботақан ауыл советінде дүниеге келді. Ата-анасы қарапайым еңбек адамдары болған. 1963 жылы Карл Маркс атындағы орта мектебіне 1 сыныпқа қабылданды. 1973 жылы Гурьев педагогикалық институтына оқуға түсіп, физика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты. Институттың жолдамасы бойынша, Маңғыстау облысы, Шетпе ауылындағы орта мектебінде 2 жыл физика пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. 1979 жылы Гурьев қаласындағы №13 мектепке жұмысқа орналасады. 1981 жылы Ербатыров Абаймен жанұя құрып, Балықшы ауданы, Құрсай ауылындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебіне жұмыс ауыстырып, зейнеткерлікке шыққанға дейін еңбек етті. 10 жылдан астам уақыт директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары лауазымдық қызметін абыроймен атқарып, мектептің тәрбие саласына үлкен жауапкершілікпен жетекшілік етіп, тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыра білді. Мектебіміздің білім беру ісіне қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігі, еңбекқорлығының нәтижесінде қала, облыс көлемінде Құрмет грамотасымен марапатталды. Алуа Қожантайқызы жолдасы Абай екеуі өмірге 4 қыз, 1 ұл әкеліп, балаларының барлығына жоғары білім беріп, қыздарын қияға қондырып, ұлын аяқтандырды. Немере, жиен сүйді.

«Жақсы адам – Алланың нұры» дейді. Шәкіртіне деген шексіз махаббатын бере алған ардақты ұстаз, ұжымдастарына да сыйлы әріптес, қадірлі апа, сыйлас дос бола білді. Жақсылық атаулыны ішкі жан дүниесімен қабылдап, адамгершілік қасиет пен қарапайымдылықты шәкірттерінің бойына дарыта білген, өз бойындағы шығармашылық, өз-өзіне деген сенімділік пен сабырлылық, табандылық пен төзімділік сияқты мінезімен ерекшеленетін аяулы адам, өмірден беймезгіл уақытта өз еншісіне тиген аз ғана ғұмырын сүріп, кете барды... Қамшының сабындай қысқа ғұмыр деген осы...

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп ұжымы, кәсіподақ ұйымы Алуа апайдың отбасына, ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Жаныңыз жәннатта болсын, ардақты ҰСТАЗ! Сіз біздің мәңгі жүрегіміздесіз...

**Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп ұжымы, кәсіподақ ұйымы**

## Хабарландыру

Тапсырыс беруші: «Запад Строй ЕРС» ЖШС, «Атырау қаласы, Балықшы тұрғын үй ауданы, Құнанбаев көшесі, 13 үй мекен-жайында 9 қатарлы 72 пәтерлі тұрғын үй №1 дақ құрылысына жапсырма (сыртқы инженерлік желілерсіз және абаттандырусыз)» қоршаған ортаны қорғау жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары Бірыңғай экологиялық порталда (https://ecoportal.kz) 2023 жылдың 9-12 маусым аралығында қолжетімді болады.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы жобаның көшірмесін atyrauecoproject@mail.ru поштасы арқылы сұрай аласыздар.

## Хабарландыру

Тапсырыс беруші: «Запад Строй ЕРС» ЖШС, «Атырау қаласы, Балықшы тұрғын үй ауданы, Қожақаев көшесі, 17 үй мекен-жайында 9 қатарлы 72 пәтерлі тұрғын үй құрылысына жапсырма (сыртқы инженерлік желілерсіз және абаттандырусыз)» қоршаған ортаны қорғау жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары Бірыңғай экологиялық порталда (https://ecoportal.kz) 2023 жылдың 9-12 маусым аралығында қолжетімді болады.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы жобаның көшірмесін atyrauecoproject@mail.ru поштасы арқылы сұрай аласыздар.

## Хабарландыру

Тапсырыс беруші: «Запад Строй ЕРС» ЖШС, «Атырау қаласы, Балықшы тұрғын үй ауданы, Қожақаев көшесі, 21 үй мекен-жайында 9 қатарлы 72 пәтерлі тұрғын үй құрылысына жапсырма (сыртқы инженерлік желілерсіз және абаттандырусыз)» қоршаған ортаны қорғау жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары Бірыңғай экологиялық порталда (https://ecoportal.kz) 2023 жылдың 9-12 маусым аралығында қолжетімді болады.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы жобаның көшірмесін atyrauecoproject@mail.ru поштасы арқылы сұрай аласыздар.

## Хабарландыру

Тапсырыс беруші: «Запад Строй ЕРС» ЖШС, «Атырау қаласы, Балықшы тұрғын үй ауданы, Бейбітшілік көшесі, 74 үй мекен-жайында 9 қатарлы 72 пәтерлі тұрғын үй №2 дақ құрылысына жапсырма (сыртқы инженерлік желілерсіз және абаттандырусыз)» қоршаған ортаны қорғау жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары Бірыңғай экологиялық порталда (https://ecoportal.kz) 2023 жылдың 9-12 маусым аралығында қолжетімді болады.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы жобаның көшірмесін atyrauecoproject@mail.ru поштасы арқылы сұрай аласыздар.

## Мемлекеттік қызметшінің жеке қасиеттері түсінігі

Мемлекеттік қызметшілердің халқымыздың бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуі, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауы, адал, әділ, қарапайым болуы, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауы, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуы, өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуы керек.

Мемлекеттік қызметшінің жеке қасиеттерінің бірі – парасаттылық. Парасатты адамға істейтін ісін, сөйлейтін сөзін, қабылдайтын шешімін алдымен ақыл таразысынан өткізіп алу.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғамдық процестерді реттеуге, мемлекеттің біртұтастығын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасы азаматтарының мүдделерін іске асыруға бейімделген. Мемлекеттік қызмет үшін беделдің, яғни имидждің қызметтік және мәртебелік маңызы зор. Ол халықтың оған деген сенім деңгейінің көрсеткіші және қоғамның басқарушылық қызметтің, мемлекет жүргізіп жатқан өзгерістердің тиімділігіне берген бағасының критерийі болып табылады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызмет беделін арттыру қажеттігіне қатысты мәселелерге мемлекет басым назар аударуда. Қазақстан Республикасының ішкі саясаты үшін мемлекеттік қызмет беделін қалыптастыру және нығайту, мемлекеттік жүйені дамыту басым бағыттар болып табылады. Өзінің тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси даму жолында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Еліміз үшін алдағы орында тұрған жоғары кәсіптік мемлекеттік қызмет пен тиімді басқару құрылымын қалыптастыру ісінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейі негізгі рөлді атқарады.

Бұл құндылықтар – жоғары моралдік жауапкершілік, кәсіптік білім, оны тәжірибеде қолдана білу, әділдік, адалдық, белсенді өмірлік позиция. Мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының маңыздылығын сезінуі және патриот болуы тиіс. Мемлекеттік қызметтің оң беделін қалыптастыру идеологиялық, саяси әрі мәдени аспектілерді көздейді. Мемлекеттік қызметшінің оң беделін қалыптастыру үрдісінің өзі атқарушы биліктің беделдік саясатымен де тығыз қарым-қатынаста. Мемлекеттік қызметшінің оң беделіне қойылатын негізгі ережелер Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Жарлығында белгіленген.

Мемлекеттік қызметшінің оң беделін қалыптастыру – күрделі әрі көп уақытты алатын үрдіс. Мемлекеттік қызметшінің жұмысы мен жүріп-тұру ұстанымдары барлығына мәлім. Оның абыройы – мемлекеттік билік абыройының бір бөлігі. Халық нақты бір мемлекеттік қызметшінің және биліктің барлық тармағындағы мемлекеттік орган басшыларының жұмысын бағалай отырып, мемлекеттік билікке жалпылай баға береді.

Мемлекеттік қызметші болу – зор мәртебе, сондықтан мемлекеттік қызметші кәсіби біліктілікпен қатар, адамгершілік қасиеттерге де ие болуы тиіс. Мемлекеттік қызметке үміткер өз халқының алдындағы асқан жауапкершілікті сезіне отырып, мемлекеттік қызметтің беделін арттыруы қажет. Мемлекеттік қызметші өз өкілеттігімен, билігімен дұрыс қолдана білуі әрі әділ болуы керек. Ол мемлекеттік қызметте өз игілігі үшін емес, елінің береке-бірлігі үшін жұмыс істеуі, өз қалтасын мемлекеттік қаражатпен шатастырмауы, олардың аражігін ажырата білуі тиіс. Мемлекеттік қызметшінің өмір салты заң талаптарына толық сәйкес болуы шарт. Қандай да бір лауазымда болмасын, кез-келген жағдайда, мемлекеттік қызметші өз елінің азаматтары мен халқының сенімінен айырылмай жұмыс істеуі керек. Қазақстандық мемлекеттік қызметші әділдіктің, қарапайымдылықтың үлгісі болып, адамдар арасында өзін ұстай білуі, ұжымға басшылық жасамас бұрын, бағына білуді үйренуі, өз қызметкерлерінен талап етіп отырғанын өзі орындай білуі керек. Егер мемлекет мүддесіне нұқсан келіп жатқанын немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттерін көрсе, дереу араласып, шаралар қолдануы керек.

Мемлекеттік қызметшінің оң беделіне қойылатын негізгі ережелер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінде белгіленген. Мемлекеттік қызметшінің өзі жоғары моралдік жауапкершілік, кәсіптік білім, оны тәжірибеде қолдана білу, әділдік, адалдық, белсенді өмірлік позиция, патриоттық сезім сияқты қасиеттерге ие болып, мемлекеттік қызметшінің моральдік бейнесі болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметкердің жағымды имиджін қалыптастыру және нығайту барысында мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз қызметінің барлық жауапкершілігін толықтай сезініп, қызмет амалдарын жетік меңгеріп, өз ісінің білікті маманы болуы қажет.

**Ж.ДАУТАЛИЕВА,**
**Атырау облысы бойынша Тексеру комиссиясының аппарат басшысы, әдеп жөніндегі уәкілі**

**«Ломбард MODERN.KZ» ЖШС сатылып алынбаған кепілдендірілген мүлікке 2023 жылы 2 маусым сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін сауда-саттық ағылшындық әдісімен өткізілетін аукцион мына мекен-жай бойынша жүргізілетінін хабарлайды:**

Атырау қаласы, Махамбет Өтемісұлы көшесі, 116 үй, №1 кеңсе; accountant@zolotoiy.kz; 8(775) 387-71-98.

**ATYRAÝ**

**Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады**

МЕНШІК ИЕСІ:
**«АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС**

Бас директор
**Жасын БІРКЕНОВ**

Бас редактор **Назарбек ҚОСШИЕВ**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43, факс – 45-85-97.

Бас редактордың орынбасары – **А.Базарбаев** – 45-86-47.
Жауапты хатшы – **Д.Мұхамбеталиев** – 45-84-50.
Арнаулы тілші – **М.Қуанышева** – 45-84-30.

Бөлімдер:
экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері: шолушы – **А.Сабырова,** аға тілші – **Д.Аруев** – 45-84-01; тілші – **Б.Кенжиев,**
қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелер: шолушы – **Г.Әмірова,** аға тілші – **Р.Өтеуғали,** тілші – **Е.Қошақанов** – 45-85-24;
экология және құқықтық мәселелер: шолушы – **А.Құрмашева,** аға тілші – **М.Оразғалиева,** тілші – **А.Қабдолов** – 45-86-50.

фототілші – **Е.Алтыбаев** – 45-84-50.
Корректорлар: **Э.Әбілқайырова, А.Шомажанова.**
Компьютер цехы:
бет құрушылар – **С.Рамазанова, А.Жолдыбаева.**
Іс жүргізуші: **Т.Тайтекова,** теруші: **К.Елеусінова** – 45-84-50

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 2018 жылғы 16 мамыр күні тіркеліп, тіркеу туралы **№17097-Г** куәлігі берілген.
Басылым **«Құрмет белгісі»** орденімен, республикалық **«Аманат»** сыйлығымен марапатталған.

**МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**
060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй.
**Электронды пошта:** e-mail: atyrau_gazeti@mail.ru

www.atyrau-akparat.kz

*Газет «Атырау» газетінің компьютер цехында теріліп, беттелді.
*«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.

* Авторлар жарияланымындағы пікірлер редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.

PR Мақалалар коммерциялық негізде басылды деген белгі.

Жарнамалар мен хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.

**Индексі:** 060005 Аптасына 2 рет шығады.
**ТАРАЛЫМЫ: 6720 дана**

**Нөмірдің кезекшілері:**
М.Оразғалиева, С.Рамазанова, А.Шомажанова

**«LFGOON PARK (ЛАГУНА ПАРК)»** ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес 2023 жылғы 31 мамырдан бастап 5 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Қоршаған ортаны қорғау жүйесінің тараулары бойынша қоғамдық талқылау түрінде «Атырау облысы, Атырау қаласы, А.Шәріпов көшесі, №6 ғимарат (сыртқы желілерсіз және сметалық құжаттамасыз) мекен-жайы бойынша «Мұнайшы» стадионы ауданындағы көпқабатты тұрғын үй – 1 кезең»

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталы сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

**«E-Packing» ЖШС,** ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес 2023 жылғы 31 мамырдан бастап 5 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Қоршаған ортаны қорғау жүйесінің тараулары бойынша қоғамдық талқылау түрінде «Атырау қаласы, Атырау-Доссор автожолының 301/19 ғимараты, ҰИНТ АЭА мекен-жайы бойынша ағаш ыдыстар мен басқа да ағаш бұйымдарын шығаратын кәсіпорынның құрылысы»

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталы сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.




Өндірістік база жерімен 8,2 га сатылады. Ішінде 2 жатақхана 1717,2 кв.м, асхана 170,5 кв.м. темір жол 700 м. тупигі бар 700 метр, қойма 803,9, ангар 703,3, офис, КПП бар. Бағасы келісімді. Тел: 87775667345.

## Хабарландыру

**НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ**

Атырау облысының нотариусы Д.Б.Кушкенова хабарлайды: 01.03.2023 жылы қайтыс болған **Мукашева Калиманың** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы. Мақат поселкесі, С.Бекжанов көшесі. №13Б үй, 19 пәтер, байланыс телефоны: 8-71239-79034. Лицензия: №13000262, 14.01.2013 ж.

Атырау облыстық балалар ауруханасы әкімшілігі мен кәсіподақ ұйымы атынан әріптесіміз Абаканова Сауле Хисметуллаевнаның сіңлісі

**Абаканова Зауре Хисметуллаевнаның**

қайтыс болуына байланысты жанұясына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.